



Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттер электр энергетикалық жүйелерінің қатар жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөніндегі шартты бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2000 жылғы 5 шілде N 66

Мәскеуде 1998 жылғы 25 қарашада жасалған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттер электр энергетикалық жүйелерінің қатар жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөніндегі шарт бекітілсін.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына
қатысушы мемлекеттердің электр энергетикалық
жүйелерінің қатар жұмыс істеуін қамтамасыз ету туралы
Шарт

Ресми расталған мәтін

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің
электр энергетикалық жүйелерінің қатар жұмыс
істеуін қамтамасыз ету туралы
Шарт

Осы Шартқа қатысушы мемлекеттер, бұдан әрі Тараптар деп аталатын өз
ұкіметтерінің атынан

өз мемлекеттерінің экономикасын дамыту, халқының әл-ауқаты мен әлеуметтік
қамтамасыз ету деңгейін көтерудегі электр энергетикасының үлкен маңызын ескере
отырып,

электр энергетикалық жүйелердің қатар жұмыс істеуінің экономикалық,
техникалық және технологиялық артықшылықтарын пайдалану негізінде халық
шаруашылығы мен халықты электр энергиясымен қамтамасыз етудің сенімділігін және
үнемділігін арттыру мақсатында,

тәң құқықтық, өзара тиімділік, энергетикалық объектілер мен ресурстарға деген егемендік құқықтарды сақтауға негізделген электр энергетикасы саласындағы ынтымақтастыққа өзара ұмтылысын назарға ала отырып,

Достастыққа қатысушы мемлекеттердің энергетикалық қауіпсіздігін арттыру мақсатында,

1991 жылғы 17 желтоқсандағы Энергетикалық Хартияның және 1994 жылғы 17 желтоқсандағы Энергетикалық хартия Шартының ережелерін басшылыққа ала отырып,

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының 1992 жылғы 14 ақпандығы электр энергетикасы саласындағы мемлекетаралық қарым-қатынастарды үйлестіру туралы үкіметаралық Келісімді негізге ала отырып,

төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Осы Шарттың мақсаты үшін онда қолданылатын терминдер мына мағыналарды білдіреді:

осы Шартқа қатысушы мемлекеттердің электр энергетикалық жүйелерінің қатар жұмыс істеуі - осы Шартқа қатысушы мемлекеттердің біркелкі жиіліктегі электр энергетикалық жүйелерінің бірлескен жұмысы;

мемлекеттің электр энергетикалық жүйесі - электр энергиясын өндірудің, берудің және бөлудің бірыңғай процесімен байланысты электр энергетика объектілерінің, оларды пайдалану және басқару құралдарының жиынтығы;

электр энергиясының /қуатының/ ағыны - бақылауға алынған қызылыштардағы бір немесе бірнеше электр жеткізу желілері бойынша электр энергиясын /қуатын/ тасымалдау;

авария, авариялық жағдай - жекеленген элементтердің зақымдануы кезінде туындаитын электр энергетикалық жүйелердің режимі, бұл жағдайда Тараптардың бір немесе бірнеше электр энергетикалық жүйелерінің қатар жұмыс істеуі мүмкін болмай қалады.

2-бап

Тараптардың электр энергетикалық жүйелерінің қатар жұмыс істеуі электр энергетикасы саласында өзара тиімді ынтымақтастық базасын жасайтын, тараптардың электр энергетикалық жүйелерінің сенімді жұмыс істеуін қамтамасыз ететін маңызды фактор болып табылады.

3-бап

Осы Шартқа қатысушы мемлекеттердің электр энергетикалық жүйелерінің қатар жұмыс істеуінің негізгі принциптері:

мемлекеттердің электр энергетикалық жүйелерінің әрқайсысында кез келген уақытта өз электр станцияларының есебінен немесе электр энергиясын басқа мемлекеттердің энергетикалық жүйелерінен шарттық негізде жеткізу есебінен электр энергиясы мен қуатқа деген сұранымды қанағаттандыру;

мемлекеттердің электр энергетикалық жүйелерінің әрқайсысында өз энергия көздерінің есебінен және /немесе/ басқа мемлекеттердің электр энергетикалық жүйелерінен шығатын ағын есебінен келісілген диапазондағы стандартты жиілікті ұстап тұру;

өзара тиімді негізде электр энергиясының ағындарына ықпал ету;

мемлекеттердің электр энергетикалық жүйелерінің әрқайсысындағы қалыпты резервті ұстап тұру және резервтің жетпей тұрған бөлігін басқа мемлекеттердің электр энергетикалық жүйелерімен Шарт жасасу негізінде қамтамасыз ету;

электр қуатының авариялық резервтегі қажеттілігін екі және көпжакты жекелеген келісімдер негізінде қысқарту;

жұмыс сенімділігінің келісілген талаптарын орындау;

Тараптардың электр энергетикалық жүйелерінің қызмет процесі кезінде осы Шартқа қатысушы басқа мемлекеттердің электр энергетикалық жүйелеріне зиян келтірмеуі;

мемлекеттердің электр энергетикалық жүйелерінің әрқайсысының өз тұтынушыларын электрмен қамтамасыз етудегі және өздеріне алған міндеттемелерін орындаудағы толық жауапкершілігі болып табылады.

4-бап

Мемлекеттердің электр энергетикалық жүйелерінің қатар жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін Тараптар бірін-бірі жаңа нормативтік құжаттаманың енгізілгені және қолданылуы туралы дер кезінде хабардар ете отырып, өздерінің энергетикалық жүйелерінің қатар жұмыс істеуінің қажетті өзара келісілген режимдік, техникалық және технологиялық шарттарын, регламентін, ережелері мен тәртіптерін әзірлейді және оларды сақтайды.

Электр энергетикасы саласындағы мемлекетаралық қарым-қатынастарға қатысты нормативтік және әдістемелік құжаттарды дайындау мен келісуді үйлестіру Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Электр энергетикалық кенесіне жүктеледі.

5-бап

Тараптар өз электр энергетикасы жүйелерін осы Шартқа қатысуышы мемлекеттердің электр энергетикалық жүйесінің құрамында тұрақты қатар жұмыс істеуі үшін жеткілікті ауқымда ұстап тұру мен дамытуды қамтамасыз етеді.

6-бап

Тараптар электр энергетикасын дамытудың өз жоспарлары мен ұзак мерзімді келешектегі мұдделерін есепке ала отырып, осы Шартқа қатысуышы мемлекеттердің электр энергетикасын дамытудың стратегиясын бірлесіп жасайды және оның өз электр энергетикалық жүйелеріне қатысты бөлігінің іске асырылуын қамтамасыз етеді.

7-бап

Тараптар осы Шартқа қатысушы мемлекеттердің электр энергетикасында өзара есеп айырысу тетігін жасайды, олардың іске асырылуын және электр энергиясының өзара жеткізіліміне дер кезінде төлем жасауды қамтамасыз етеді.

8-бап

Тараптарға осы Шартқа қатысушы мемлекеттердің энергия жүйелерінен шығатын электр энергиясы мен қуатының ағындарына, ал электр өткізудің мемлекетаралық желілеріндегі және/немесе Тараптардың электр энергетикалық жүйелерінің қатар жұмыс істеуіне ықпал ететін жүйе жасаушы объектілердегі авариялышқа жағдайларда оны жою үшін қажетті энергия ресурстары және басқа да өнім түрлері мен көрсетілетін қызмет жеткізілімдеріне кеден бажын салмайды.

9-бап

Тараптар жасалған Шарттардың және транзит төлемінің өзара келісілген жағдайлары негізінде өз желілері арқылы олардың өткізу мүмкіндіктері шегінде электр энергиясын кедергісіз тасымалдауды қамтамасыз етуге міндеттенеді.

Электр энергиясы мен оның қуатын тасымалдау тәртібі Тараптардың бөлек келісімімен белгіленеді.

10-бап

Тараптар осы Шартқа қатысушы мемлекеттердің электр энергетикалық жүйелерінің тұрақты тұрде қатар жұмыс істеуі үшін келісілген ауқымда ресурстар резервін жасауға және оны сол ауқымда ұстап тұруға шаралар қолданады.

Резервтер жасау және оларды пайдалану тәртібі Тараптардың бөлек келісімімен белгіленеді.

11-бап

Тараптар авария, дүлей апат болған жағдайларда және басқа да төтенше жағдайларда бір-біріне жедел көмек көрсетеді.

Мұндай көмек көрсету тәртібі мен көрсетілген қызметке төленетін қаржы есебі Тараптардың бөлек келісімімен белгіленеді.

12-бап

Электр энергиясы мен қуатының мемлекетаралық ағынын қамтамасыз ететін объектілердегі/электр беру желілері, қосалқы станциялар т.б./аварияны тексеру және оған объективті талдау жасау, оны болғызыбау жөнінде шаралар жасау және жүзеге асыру үшін мүдделі Тараптар қажет болған жағдайда тиісті комиссиялар құра алады.

Мұндай комиссиялар туралы үлгі ереженің жобасын әзірлеу және бекіту Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Электр энергетикалық кеңесіне жүктеледі.

13-бап

Тараптар осы Шартқа қатысушы мемлекеттердің электр энергетикалық жүйелерінің базасында электр энергиясы мен қуатының ашық және бәсекеге қабілетті мемлекетаралық рыногын қалыптастыруға және оны дамытуға бағытталған шаралар қабылдайды.

14-бап

Осы Шарттың Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы салалық ынтымақтастығының үкіметаралық органдары тарапынан орындалуы жөніндегі жұмысын үйлестіру Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Электр энергетикалық кенесіне жүктеледі.

15-бап

Осы Шарт ережелерін іске асыру мақсатында оған қатысушы мемлекеттер екіжақты және көпжақты келісімдер жасай алады.

16-бап

Осы Шарт Тараптар қатысушылары болып табылатын басқа да халықаралық шарттардың ережелеріне әсер етпейді.

17-бап

Осы Шарт күшіне енген күннен бастап 5 жыл бойы қолданылады. Егер Шартқа қатысушы мемлекеттер басқа шешім қабылдамайтын болса, осы мерзімі біткеннен кейін Шарт әр жолы өздігінен жаңа 5 жылдық мерзімге ұзартылады.

18-бап

Осы Шарттың қолданылуына және түсіндірлуіне байланысты даулы мәселелер мұдделі Тараптар арасындағы консультациялар және келіссөздер жолымен шешіледі. Даулы мәселелерді келіссөздер жолымен реттеу мүмкін болмаған жағдайда Тараптар төрелік етуші органдарға немесе басқа да халықаралық сот инстанцияларына жүгінеді.

19-бап

Әрбір Тарап Шарттың қолданылуы кезінде туындаған өз міндеттемелерін орындаپ болған соң, осы Шарттан шығатыны жөнінде депозитарийге алты ай бұрын жазбаша хабарлама жібере отырып, одан шыға алады.

20-бап

Осы Шарт барлық Тараптардың келісімімен депозитарийге қосылу туралы құжат беру жолымен оның мақсаты мен принциптерін бөлісетін басқа мемлекеттердің қосылуы үшін ашиқ. Мұндай қосылуға келісім бергенде соңғы хабарды депозитарий алған күннен бастап қосылу күшіне енген болып есептеледі.

21-бап

Тараптардың келісімімен Осы Шартқа жекелеген хаттамалармен ресімделетін, осы Шарттың 22-бабында белгіленген тәртіппен күшіне енетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

22-бап

Осы Шарт қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді, ал заң бойынша оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекеттік ішкі ресімдердің орындалуы талап етілетін мемлекеттер үшін депозитарийге тиісті құжаттар тапсырылған күннен бастап күшіне енеді.

Тараптар мұндай ресімдердің қажеттілігі туралы осы Шартқа қол қойылған күннен бастап үш ай ішінде депозитарийді хабардар етеді.

1998 жылғы 25 қарашада Мәскеу қаласында орыс тілінде тұпнұсқалық бір дана болып жасалды. Тұпнұсқалық дана Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқарушы Хатшылығында сақталады ол осы Шартқа қол қойған әрбір мемлекетке Шарттың расталған көшірмесін жібереді.

Әзіrbайжан Республикасының
Үкіметі үшін

Молдова Республикасының
Үкіметі үшін

Армения Республикасының
Үкіметі үшін

Беларусь Республикасының
Үкіметі үшін

Грузия Үкіметі үшін

Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін

Қырғыз Республикасының
Үкіметі үшін

Ресей Федерациясының
Үкіметі үшін

Тәжікстан Республикасының
Үкіметі үшін

Түрікменстан Үкіметі үшін

Өзбекстан Республикасының
Үкіметі үшін

Украина Үкіметі үшін

Оқығандар:
Қобдалиева Н.М.
Икебаева Ә.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК